

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім
қызметкерлерінің салалық кәсіподағында кәсіподақ кадрлары мен
белсенділерін оқыту жөніндегі тұжырымдама аясында «Қазақстандық
салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Алматы
қалалық ұйымы» ҚБ кәсіподақ активін оқытудың тиімділігін арттыру
жұмысы туралы
АНЫҚТАМА**

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Алматы қалалық ұйымы» қоғамдық бірлестігін құрамына 1732 адам кіретін 15 бастауыш кәсіподақ ұйымы құрайды (01.01.2025 ж. жағдай бойынша).

Кәсіподақ активтерін оқыту «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Алматы қалалық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Жарғысына және «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту тұжырымдамасына,

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің 2024-2025 жылдарға арналған кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

Кәсіподақтық оқыту ұйым ішінде Атқару комитетінің 2024 жылғы 7 ақпандағы және 2025 жылғы 21 қаңтардағы отырыстарында бекітілген жоспар негізінде жүзеге асырылады.

Білім берудегі құқықтық және әдістемелік базаның өзгеруі әлеуметтік-еңбек қатынастарында жаңа мәселелерді тудыруда. Осындай жағдайда бізден жоғары құзыреттілік, туындайтын даулы жағдайларда дұрыс шешім қабылдау қабілеті, ұйым басшыларымен сындарлы диалог жүргізу, кәсіподақ мүшелерінің мүддесін қорғауда дәлелді уәждер келтіру талап етіледі. Осы мәселелерді шешуге үздіксіз кәсіподақтық оқыту жүйесі, яғни тұрақты негізде жұмыс істейтін кәсіподақ активінің мектебі көмектесуі тиіс.

Алматы қалалық ұйымында мұндай мектептер кәсіподақтық планерка формасында 14 бастауыш кәсіподақ ұйымдарында құрылған, оған кәсіподақ мүшелері 100% тартылған.

Алматы қалалық ұйымының 2023-2025 жылдарға арналған кәсіподақтық оқыту бағдарламасы бар, Атқару комитетінің 2023 жылғы 14 сәуіріндегі №2 қаулысымен бекітілген. Әр оқу жылы қайталанатын, бірақ үнемі толықтырылып және жаңартылып тұратын 6 модульден тұрады. Тыңдаушылардың әр санаты үшін арнайы деңгейлік оқыту бағдарламалары әзірленген: базалық деңгей, орта деңгей, озық деңгей.

Кәсіподақ мүшелеріне көмек көрсету үшін стендтер безендірілген, кәсіподақ активінің жұмыс тәжірибесі жөніндегі материалдары бар папкалар, өткізілген оқу сабақтарының фото және бейнематериалдары дайындалған.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Алматы қалалық ұйымы» қоғамдық бірлестігінде Кәсіподақтық оқыту жұмысына төраға Г.М.Саматокина жауапты.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Алматы қалалық ұйымы» қоғамдық бірлестігінде бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен ай сайын семинар-кеңестер өткізіліп тұрады. Сондай-ақ көшпелі оқыту шаралары еңбек ұжымдарына барып та өткізіледі. Қорытындысы бойынша кері байланыс үшін сауалнамалар өткізіледі. Қатысушылардың сауалнамаларын толықтай талдау арқылы бағдарламаларға түзетулер енгізілген.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің 2024-2025 жылдарға арналған кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығы барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдарына жеткізілген.

Кәсіподақтық оқыту барысы қоғамдық бірлестіктің әлеуметтік желісінде жарияланып тұрады.

Оқытудың негізгі түрлері: тақырыптық семинарлар, дөңгелек үстелдер, тәжірибе алмасу.

2024 жылы барлығы **27** оқыту іс-шарасы өткізіліп, барлығы **497** адам қатысты.

2025 жылдың I жартыжылдығында барлығы **24** оқыту іс-шарасы өткізіліп, **412** адам қатысты.

Мерзім	Кәсіподақтық оқытудан өткендер саны	Оның ішінде:					Кәсіподақ мүшелерінің жалпы санына шаққандағы пайызы
		кәсіподақ мүшелері	тексеру комиссияларының мүшелері	кәсіподақ активі	кәсіподақ ұйымдарының төрағалары	келісу комиссияларының мүшелері	
01.01.2024	128	43	51	18	16		7,3%
01.01.2025	497	320	45	32	15	85	28,6%
01.07.2025	412	352	45		15		23,7%

Оқыту процесінде интерактивті әдістер кеңінен қолданылады: пікірталастар, рөлдік ойындар, т.б.

Іс-шаралар қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығынан жалға алынған жабдықталған оқу залдарында өткізіледі, мультимедиялық құралдар пайдаланылады, тыңдаушыларға үлестірмелі материалдар мен әдістемелік ұсынымдар ұсынылады.

Ережеге сәйкес кәсіподақ кадрларын даярлауға және кәсіподақ активін оқытуға кәсіподақ органының сметасының шығыс бөлігінің кем дегенде 10%-н құрауы тиіс. Дегенмен, 2024 жылы «Қазақстандық салалық білім және

ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Алматы қалалық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің кәсіподақтық оқытуға жұмсаған қаражаты жылдық шығындар сметасындағы жалпы соманың бар болғаны 1,7 пайызын құраса, 2025 жылы былтырғы жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсіп, 7 пайыз құрайды.

Проблемалық тұстар:

- кәсіподақтық оқыту үшін жеке ғимараттың болмауы, қажеттілікке қарай өткізетін орынды жалға алу;
- оқытудың ұзақ мерзімді тиімділігін мониторингтеу жүйесінің болмауы;
- қаржыландырудың жеткіліксіздігі.

Оқыту тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар:

1. Қазіргі заман қажеттілігіне сай тақырыптарды енгізу: кәсіподақ жұмысының цифрландырылуы, әлеуметтік желілер мен PR, стресс-менеджмент, медиация дағдылары, жобалық басқару және т.б.
2. Оқу-әдістемелік материалдардың электрондық кітапханасын құру.
3. Жыл сайынғы сметаның шығыс бөлігінің кемінде 10%-ын кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыру мен өткізуге бағыттау.
4. Сыртқы сарапшылармен және білім беру орталықтарымен өзара іс-қимылды күшейту. ЖОО-рымен, ҮЕҰ-мен, халықаралық кәсіподақ ұйымдарымен ынтымақтастық орнату.
5. Белсенді қатысушыларды ынталандыру және көтермелеу жүйесін әзірлеу.
6. Қашықтықтан оқыту түрлерін енгізу, онлайн-курстар мен вебинарларды әзірлеу, оларды ресми сайт пен әлеуметтік желілер арқылы қолжетімді ету.

**Кәсіподақтың ОК аппаратының
Ұйымдастыру жұмысы бөлімінің
бас маманы**

И. Сакаюва